

**БИБЛИОГРАФ,КІТАПТАНУШЫ ӘБУГАЛИЕВА КУЛЖИХАН
КУЛШӘРІПҚЫЗЫНЫҢ 70 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН
МАҚАЛАМЫЗ ЖАРЫҚ КӨРДІ...**

Библиограф,кітаптанушы Кулжихан Кулшәріпқызы өмірінің 42 жылын кітапхана ісіне арнаған адам.

Кулжихан Кулшәріпқызы 1951 жылы 11 ақпанда Алматы қаласында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1969-70 жылдары Өскемен қаласы Саяси-ағарту үйіндегі кітапханаши қызметінен бастаған.

1974 жылы Кітапхана мамандығын бітіріп,сол жылы "Ғылым ордасы" Орталық ғылыми кітапханасына жұмысқа кіреді. Сол кезеңден бастап ОҒҚ-ның дамуына өз үлесін қосқан жан.

1987-2011 жылдар аралығында ҚР БФМ Орталық ғылыми кітапханасының директоры болды.

2011 жылы "Ғылым ордасы" ШЖҚ РМК Бас директорыдың міндетін атқарушы қызметтерін атқарды.

200-ден астам библиографиялық басылымға жауапты редактор әрі құрастыруышы болды,50-де астам ғылыми мақаласы жарияланды.

Кулжихан Кулшәріпқызы 3 бала тәрбиелеген ана. Жолдары Асқар Егеубаев түркітану саласына елеулі үлес қосқан белгілі ғалым.

Т.Ф.Д., профессор Светлана Одеққызының мақаласының толық нұсқасын "КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ" ғылыми-тәнымдық журналының 2021 жылғы 1 санынан оқи аласыздар, немесе төмендегі суреттерден оқуға да болады.

ТҰЛҒА



ЫСТЫҚ ҚАЙРАТ,
НҰРЛЫ АҚЫЛ,
ЖЫЛЫ ЖҮРЕК...



Светлана СМАҒҰЛОВА

Тарих ғылымдарының докторы



Ғылым-білім дүниесі, ғаламзат-пен адамзат құпиясы, ғұлама оқымыштылар бейнесі кітапхана ішінде, кітаптар бетінде жарқырап көрінеді. Ал кітапхана тағдыры, кітапхана ісін өркендету, қорды қорландыру, толықтыру, мәдениеттің бесігіне, ұлттың айнасына айналдыру, елді сәулендіру тұтастай қарапайым еңбек адамы – кітапханашыларға тіке-лей байланысты.



Бар өмірі мен қызметін кітапхана ісіне арнап,
әрбір ғылым саласында жүрген ғалымдарды
қажетті, құнды деген кітаптармен қамтамасыз
еткен жандардың бірі де бірегейі

Әбдіалиева Құлжихан Құлшәріпқызы

70 жасқа толып отыр.

Кітапханашы, библиограф, кітаптанушы Құлжихан Құлшәріпқызының есімі тек әлемдік кітапхана жүршылығына ғана емес, кітаппен дос оқырмандардың арасында да белгілі деуге болады.

Құлжихан Құлшәріпқызы 1951 жылы 11 ақпанда Алматы қаласында дүниеге

келген. 1968 жылы Зайсан қаласындағы орта мектепті, 1974 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын (қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті), 1989 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Еңбек жолын 1969-70 жылдары Өскемен



қаласы Саяси-ағарту үйінде кітапхана-шы қызметінен бастаған ол 1974 жылдан Кітапхана факультетін тәмамдап, қазіргі «Ғылым ордасы» РМК қарасты Орталық ғылыми кітапханадан еңбек жолын бастаған. Кітап жинақтау бөлімінде кітапханашы (1974), аға кітапханашы (1976), сектор менгерушісі (1978), ғылыми хатшы (1982), ғылыми жұмыстар бойынша директордың орынбасары (1985), ал 1987-2011 жылдар аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының директоры, 2011 жылы «Ғылым ордасы» ШЖҚ РМК Бас директорының міндетін атқарушы қызметтерін атқарды.

Өз қызметінен басқа Күлжихан Құлшәріпқызы Республикалық кітапханашылар Ассоциациясының Халықаралық қатынас секциясының төрайымы, ТМД мемлекеттері ғылыми Академиялардың халықаралық ассоциациясы бойынша кітапхана директорлар кеңесінің, ҚР Кітапханалар қауымдастырының,



Ғылым академиясының халықаралық қауымдастырының (МААН), «Қазақстан-ның ақпараттық консорциумы» қауымдастырының және 1990 жылдары шыққан «Кітапхана» («Библиотека») және «Кітапхана әлемі» («Мир библиотеки»), 2003-2012 жж. журналдарының редколлегия мүшесі болды. Кітапхана ісі бойынша Республикалық деңгейде ғылымдастырылған барлық іс-шараларға тікелей араласып, елеулі үлесін қости (Қазақстан кітапханашыларының 1-2 съездері т. б.).

1987 жылы Күлжихан Күлшәріпқызы Орталық ғылыми кітапхананың директоры лауазымына тағайындалғанға дейін қызметтік өсудің барлық сатыларынан өтіп, мол тәжірибе жинақтады. Институтта оқып жүрген кездің өзінде алдына қойған мақсатына, болашақ мамандығына үлкен жауапкершілікпен қарап, институт, факультет көлеміндегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Оның ғылымдастырушылық басқару

қабілеті комсомол үйіміна хатшысы болған кездің өзінде байқалды.

Директорлық қызмет атқарған жылдары кітапхана ісіне, ұжыммен жұмыс істеуге және ғылымның негізгі бағыттарын анықтауға қатысты көптеген мәселелерді шешуге атсалысты. Оның басшылығы кезеңінде OFK маңызды ғылыми-ақпараттық мекемеге айналды, онда жаратылыстану тақырыптарының бірегей бірыңғай қоры құрылды, жаңа ақпараттық және кітапханалық технологиялар енгізілді. Елдегі экономикалық және саяси қатынастардағы өзгерістердің қын жылдарында К.К. Әбұғалиева барлық күш-жігерін кітапхана ісіндегі жаңа зандалықтар мен фактілерді зерттеуге бағыттады. Қындықсыз жаңа жолдарды таңдай отырып, Орталық ғылыми кітапханадағы өткен кезеңдегі ең тиімді бағыттарды ұстады.

Академиялық кітапханалар үшін ең басым міндеттер – ғылыми-зерттеу институттарының тақырыбына сәйкес



отандық және шетелдік басылымдармен кітап қорларын толықтыру, каталогтардың ғылыми деңгейін жоғарылату, кітапханалық-библиографиялық білімді насихаттау, кітапханатану, библиографиятану, кітаптану және т.б. салалардағы ғылыми-зерттеу жұмыстары болды.

Тәжірибелі кітапхана маманы және іскерлік қасиеттері басым К.К. Әбуғалиева кітапхана ісі проблемаларының мәніне терең ене отырып ғылыми-зерттеу институттарының бағыттарына сай, ғалымдар мен кітапхана арасында жаңа өзара қарым-қатынас орнатты. Ол кітапханадағы жетекші тенденцияларды анықтай отырып үлттық мәдени дәстүрлерді дамытуға бағытталған реформалар жүргізді. Ғылыми мәртебе-

ге ие болған бұл кітапхананың көп саласын қайта саралаудан өткізіп, оның құқықтық негізін нығайтып, бұрыннан қалыптасқан бай тәжірибемізді уақыттың қым-қиғаш талабына қарай қайта саралады.

Орталық ғылыми кітапханада жүйелі түрде жаңа кітаптар көрмесі, ғылым, өнер, мәдениет өкілдерімен кездесу, оқырмандар конференциясы үйімдестырылып отырды. Ғылым салалары бойынша библиографиялық көрсеткіштер үзіліссіз шығарылды. Осындай алғып кітапхананың жұмысын реттеп білгірлікпен басқару, алға бастыру, заман рухына сай халықтың кәдесіне, игілігіне қызмет еткізу – оның жетекші, іскер басшы екенін көрсетеді.



Ол табиғатынан біртоға, өз ісіне жантәнімен берілген ыждаһатты жан, кәсіби шеберлігін арттыра беруді, жетілдіре беруді мұрат ете отырып, өзін кітапхана саласының білікті маманы екендігін көрсете білді.

Күлжихан Күлшәріпқызы ұйымдастыруышы, басшы ғана емес ғылым саласында елеулі үлес қосқан маман. Оның тікелей жауапты редакторлығы әрі құрастыруышынымен 200 астам библиографиялық басылым жарық көрді. Сонымен қатар 50-ден астам ғылыми мақаласы жарияланды. Ол 5 республикалық және дүниежүзілік ғылыми-зерттеу жобасына жетекшілік етті.

Оның алғысөздері мен мақалалары «Баға жетпес мұра» («Бесценное насле-

дие», 1993), «Улken өзгерістер жолында», («На пути больших перемен», 1994), «Сирек кездесетін кітаптың тарихи-мәдени рөлі» («Историко-культурная роль редкой книги», 1992) және т.б. еңбектерде жарияланып, онда кітапхана саласын дамыту, жаңа техникалық тәсілдерді енгізу, кітап қорларын жинаудың ұйымдастырылуы мен принциптері, каталогтау, кітапхана технологиялары, шетелдік кітапханалармен тәжірибе алмасу, әртүрлі профильдегі кітапхана мамандарын даярлауда және тағы басқа мәселелер көтерілді.

Кітапхана ғылымына қосқан елеулі үлесі – Қазақстанның өткен және қазіргі кездегі кітапханатандың көрнекті өкілдері туралы «Қазақстан кітапхана ісінің



көрнекті қайраткерлері», Ұлт зиялышын, елеусіз қалған есіл ерлерімізді қалың көпшілікке таныстыру мақсатында «Ұлы тұлғалар» сериялары шығарыла бастады.

К. Әбуғалиеваның басшылығымен әртүрлі ғылымдар саласы бойынша библиографиялық көрсеткіштер дайындалды. Бұлардың арасынан «Академии наук Республики Казахстан – 50 лет» (сост. Н.Ф. Валяева, Т.В. Вдовухина), «Наука и рынок» (сост. Н.В. Щуровская), «Библиография трудов по палео-зоологии Казахстана, 1920-1999» (сост. Б.Кожамкулова, Г.А. Демешева), «Геология Казахстана, 1930-1956» (сост. А.А. Бурыбаева), «Түркістан ер түріктің бесігі ғой...» (сост. В.К. Кузембаева) және т.б. библиографиялық басылымдарды атауымызға болады. Барлық осы еңбектерде, ағындағы және ретроспективті ғылыми библиографияларда Қазақстан бойынша мағлұмат беріліп, болашаққа міндеттер қарастырылып,

Ғылым академиясының ФЗИ үйлестіру жоспарларына сәйкес библиографиялық тақырыптарды жан-жақты дамыту, библиографиялық еңбектердің жанрлары мен түрлерін кеңейту және тағы басқа мәселелер көтерілді.

Бар өмір жолын халық қазынасы болған кітаппен, кітапханамен байланыстырып, талмай еңбек ете жүріп Күлжихан Күлшәріпқызы өзі түлеп үшқан білім ордасы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтымен, оның ішінде кітапханатану, библиография және сервис кафедрасымен байланысын үзбей, студенттердің өндірістік практикадан өтіп тәжірибе жинақтауына, ал кейбіреуінің диплом алғаннан кейін жұмысқа орналасып кетулеріне қамқорлық көрсетіп, игі істің басы-қасында жүрді. Кафедраның мәдени-көпшілік шараларына да тікелей араласып, ақыл-кеңесін беріп, оқытушылармен қоян-қолтық жұмыс істеуге де уақыт табатын.

Мамандығы бойынша Мемлекеттік емтиханның тәрайымы болғанда да, білгір маман Күлжихан Күлшәріпқызы әділ сарапшы, мейірбан ұстаз ретінде факультет түлектерінің алғысына бөленіп, олардың өмір жолын айқындауға шарапаты көп тиген.

Күлжихан Күлшәріпқызы басшылық жасаған 1990 жылдардың аяғында Орталық ғылыми кітапханада 155 адам істесе, соның 50-і 35 жасқа дейінгі жас мамандар еді. Бұлардың басымы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты мен әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің түлектері болатын. Сол жас мамандарға нағыз қамқоршысы болып, кітапхана қызметкерлерінің жауапкершілігін арттырумен қатар кітапхананың сыр-сипатын, қызметінің мән-мағынасын, сапасын арттыруға жұмылдыра түсті. Осы үлкен жұмыстардың бәрінде өзі бас болып жастарды да үйретті.

Жас мамандарға методикалық сабактар өткізіп, жастардың білімін шындалап, бағыт-бағдар беріп отырды.

Кітапханадағы кеңейтілген ғылыми кеңесіне жастарды тартып кітапхана ісінің қыры мен сырын түсінуге үйретті, олардың ғылыммен айналысуына да көп көңіл бөлді. Шет тілдерін, компьютерді үйренуде де ең алдымен жастарға орын берді.

Кітапхана саласының майталманы Күлжихан Күлшәріпқызы еңбегіне сайнан көмектесіп тарағаннан марапаттар мен алғы-

старды иеленді. Олардың арасында «Еңбек ардагері» медалі (1992), «Білім беру ісінің үздігі» (1998), «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2002 ж.), «Ерен еңбегі үшін» медалі (2011), «Кітапхана ісін дамытуға қосқан зор үлесі үшін» мақтау қағазы (2014), «ҚР Ұлттық кітапханасына 110 жыл» төсбелгісі (2021) бар.

Алматы қаласы Медеу ауданы №30 округтік сайлау комиссиясының тәрайымы қызметін атқарған.

Күлжихан Күлшәріпқызы З бала тәрбиелеген ардақты ана. Жолдасы Асқар Егеубаев түркітану саласына елеулі үлес қосқан Қазақстанға белгілі ғалым.

**МЕРЕЙЛІ 70 ЖАСҚА КЕЛІП ОТЫРҒАН
КҮЛЖИХАН КҮЛШӘРІПҚЫЗЫ
ӨМІРІНІҢ 42 ЖЫЛЫН КІТАПХАНА
ІСІНЕ, РЕСПУБЛИКАДАҒЫ IPI
ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНЫҢ БІРІ
ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАҒА
АРНАҒАН. БҰЛ КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН,
ЖАЙШЫЛЫҚТА БІЛІНБЕЙТІН,
КҮЙБЕН ӨМІРДЕ БАЙҚАП
БОЛМАЙТЫН ҚҰБЫЛЫС.**

«Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп ұлы Абай айтқан асыл қасиеттер бойынан тараған, шарапаты толып, тәңірегін қоса нұрландырып түрған Күлжихан Күлшәріпқызы осындағы абсолют жан.